

Келісемін: *Айғабыл*

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы: Айғабыл А.Ж.

Бекітемін: *Валерия*



Балабақша менгерушісі
Бакешова Л.К.

**«Нұрай» жеке балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы**

№	Кеңес отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<ul style="list-style-type: none"> - «Сыбайлас жемқорлықта себеп болатын жағдайлардың алдын алу туралы» балабақша бүйрігімен таныстыру - Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, бекіту, ұсыну. - Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу, қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау. 	Тамыз	Балабақша менгеруші, Кеңес төрайымы
2	<ul style="list-style-type: none"> - Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысын өткізу; - 2022 жыл Балалар жылына орай «Балаларға базарлық» бағдарламасын ұйымдастыру; - Балабақшага демеушілер, жеке кәсіпкер иелерін тарту. 	Казан	Балабақша менгерушісі, Кеңес төрайымы, Кеңес мүшелері
3	<ul style="list-style-type: none"> - «Жасыл шырша жанында» Жаңа жыл мерекесіне орай балалардың сыйлықсыз қалмау жағдайын қамтамасыз ету. Балалардың тізімін бекіту. 	Желтоқсан	Балабақша менгерушісі, Кеңес төрайымы
4	<ul style="list-style-type: none"> - Қамқоршылық кеңес жоспарының жүзеге асырылу барысы. - Кеңес отырысын ұйымдастыру. - «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыру 	Наурыз	Балабақша менгерушісі, Кеңес төрайымы, Кеңес мүшелері
5	<ul style="list-style-type: none"> - Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру. Балаларға жағдаятты қалыптастыру. - Қамқоршылық кеңес төрайымының қортынды есебі. 	Мамыр	Балабақша менгерушісі, Кеңес төрайымы

«Нұрай» жеке балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы

Күні: 25.08.2022 жыл

Катысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлықа себеп болатын жағдайлардың алдын алу туралы балабақша ережесімен таныстыру. Жауапты маманымен таныстыру.
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, бекіту, ұсыну. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау.

Тындалды:

1. Балабақша психология Сыбайлас жемқорлыққа жауапты маман Тлеубергенова М. сөз алды. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет функцияларын атқаратын жауапты тұлға ретінде өзін таныстырды. «Нұрай» балабақшасының сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, жол бермеу мақсатында құрылған 2021 жылғы №18 бүйрүғымен таныстырды. Балабақшада сыбайлас жемқорлықты болдырмау, болу себептерінің алдын-алу жұмыстары туралы айттып өтті.
2. Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Айғабыл А. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты- тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсету, балабақшаның неғұрлым белсенді және талантты балаларын, сайыс женімпаздарына көтермелеу, қолдау көрсету жөнінде айттып өтті. Қамқоршылық кеңес қызметінің және оның мүшелерін сайлау тәртібімен таныстырды. Балабақшаның барлық жұмысы тыңғыштың және уақытымен атқарылатыны туралы айтты.
3. Балабақша менгерушісі Бакешова Л. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстырды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бүйрүғына қысқаша тоқталды. Білім беру үйимдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары, жалпы ережелері туралы сөз қозгалды.

- Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі
- Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі
- Қамқоршылық кеңестің мақсат-міндеттерін айтып өтті.

Сұрақ-жауап айдары:

Қамқоршылық қызметінің жұмысы қалай жүргізіледі? Деп кәсіпкер ата-ана Күзембаева А. сұрақ қойды.

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтарды береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша мұддесін түрлі деңгейде көтеріп, адамдары тартады. Қамқоршылық кеңес жұмыс тегін жасалады. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады деп жауап берді кеңес төрағасы.

4. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне төмендегідей ұсынылады:

Кеңес төрағасы: Айғабыл А. – ата-ана, балабақша әдіскері

Мүшелері:

Урустемова Айгул – ата-ана, мұғалім

Күзембаевна Ақтоты – ата-ана, жеке кәсіпкер

Примбетова Динара – ата-ана, жеке кәсіпкер

Мирамбек Назерке – ата-ана, жеке кәсіпкер

Салықбаева Жадыра – ата-ана, жеке кәсіпкер

Жаңбырбайқызы Нұрсөule - ата-ана, медбике

Қаулы етемін:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жұмыстары өз жалғасын тапсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін. Құрылған жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Айғабыл А.

Хатшы:



Тлеубергенова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 хаттамасы

Күні: 13.10.2022 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес отырысының жұмыс барысын талқылау.
2. 2022 жыл Балалар жылына орай «Балаларға базарлық» бағдарламасын ұйымдастыру.
3. Балабақшаға демеушілер, жеке кәсіп иелерін тарту.

Тындалды:

Балабақша меңгерушісі Бакешова Л. сөз алды. 2022 жыл балалар жылына орай балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіп жатқандығы жөнінде айтып өтті.

Сонымен қатар, «Балаларға базарлық» бағдарламасы ұйымдастырылып, ата-аналар арасынан жеке кәсіп иелерін балабақшаның дамуына үлесін қосып, демеушілік еткен ата-аналарға алғысын білдірді. Оку жылышынң басында қамқоршылық кеңес мүшелерінің атынан балаларға танымдық кітапшалар, ертегілер, үстел-үсті ойындары сыйға берілді.

Шешім:

1. Балабақша өміріне араласып, алдағы уақытта демеушілік көрсететін азаматтарды тарту тапсырылды.
2. Қамқоршылық кеңес жұмыстары жоспар бойынша жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Айғабыл А.

Хатшы:

Тлеубергенова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№3 хаттамасы

Күні: 21.12.2022 жыл

Катысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,

балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. «Жасыл шырша жанында» жаңа жыл мерекесіне орай балалардың сыйлықсыз қалмау жағдайын қамтамасыз ету.
2. Сыйлық алушы балалардың тізімін жасау

Тындалды:

Қамқоршылық кеңес тәрағасы Айғабыл А. сөз алды. 2022 жыл балалар жылына орай балабақшаның жылдық жұмыс жоспар бойынша жүріп жатқанын айтып өтті. Алдағы Жаңа жылдық «Жасыл шырша жанында» ертеңгілік барысында Аяз ата қалтасы мен балаларға мерекелік сыйлықтар ұлестіруді ұсынды. Балабақшада 3 топта тәрбиеленушілерінің саны 75 бала тізімін кеңес мүшелеріне ұсынды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес жұмыстары жоспар бойынша жалғасын тапсын.
2. Балабақша тәрбиеленушілерінің тізімі бекітілсін

Қамқоршылық кеңес тәрағасы:

Айғабыл -

Айғабыл А.

Хатшы:

М. Тлеубергенова -

Тлеубергенова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Күні: 17.03.2023 жыл

Катысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес жоспарының жүзеге асырылу барысы
2. «Қайырымдылық» акциясы.

Тыңдалды:

1. Балабақша менгерушісі Бакешова Л. сөз алды. Балабақша жанынан құрылған қамқоршылық кеңес жұмысы жоспар бойынша жүргізіліп жатыр. Жаңа жылдық сыйлық үшін балалардың атынан алғысын айтты.
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы Айғабыл А. сөз алды. Наурыз мейрамына орай ата-аналар арасында «Қайырымдылық» акциясын құруды ұсынды. Балабақшаның бала қабылдау бөлмесіне «Қайырымдылық» жәшігі ілініп қаражат жиналды. Жиналған қаржы көлемі 15 000 (он бес) мың теңге. Аудандық мешітке Балабақша бүлдіршіндері атынан табысталды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Айғабыл А.

Хатшы:  Тлеубергенова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 5 хаттамасы

Күні: 15.05.2023 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру. Балаларға қолайлы жағдаятты қалыптастыру.
2. Қамқоршылық кеңес төрағасының жылдың қортынды есебі.

Тыңдалды:

1. Балабақша менгерушісі Бакешова Л. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын атап өтті. Жыл бойына қамқоршылық кеңесінің жұмыс барысына атсалысып көмек берген кеңес мүшелері мен балабақша қызметкерлеріне алғысын білдірді.
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы Айғабыл А. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің жыл бойына атқарылған қызметі жөнінде есебін берді. Кеңес отырысының нәтижелі жұмыстары жөнінде атап кетті.
Жаз маусымында балаларға шомылуға қажетті бассейнмен қамтылу қажеттілігін айтты. Сауықтыру шаралары барысында спорттық сайыстары ұйымдастыру жоспарымен таныстырды. Ата аналарды сайыстарға қатысуға шақырды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: *Айғабыл А.*

Хатшы: *М. Тлеубергенова*